

Abstract

Children's periodicals and their role in the education of the younger generation. The emergence in the 20s of the last century of magazines of a new type-magazines for children. Massive children's publications. Their goals and objectives. Genre originality of materials, peculiarity of their presentation. The role of children's publications in the spiritual and moral education of the younger generation. Age features of children, educational and educational functions of the first periodicals for children.

Key words: younger generation, universal computerization, moral values, child aggression, social networks, spiritual and moral education.

FTAMP 16.21.25

А.С.Елеуова, З.З.Шакиров

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Атырау қ., Қазақстан Республикасы

ai0801@mai.ru, zamanbek.shakirov@inbox.ru

ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

Мақалада латын әліпбиіне көшудегі дауысты және дауыссыз дыбыстардың емлесі, орфоэпия және орфографиялық норма, терминология мәселелері қарастырылды. Тілші ғалымдардың ғылыми-зерттеу еңбектері, мақалары басшылыққа алынып, салыстырмалы талдаулар жасалды.

Негізгі сөздер: латын, фонема, графика, апостроф, диграф, фонетикалық принцип, орфография, орфоэпия, африкат, буын, тасымал, екпін, емле, вокализм, консонантизм, дифтонгоид, лингвистика, экстралингвистика, интралингвистика, монофтонг, этнолингвистика, психолингвистика, менталингвистика, социоллингвистика, когнитивті лингвистика, терминология, суффикс;

Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында қоғамдық сананы жаңғыртудың негізгі қағидаларын қалыптастыруды ғана емес, заман талабына сай нақты жобаларды жүзеге асыруды талап етті. Аталмыш мақалада 2025 жылға дейін латын графикасына кезең-кезеңмен көшуді тапсырма етіп жүктеді. Латын графикасына көшудегі негізгі мақсат – ұлттық болмыс пен руханиятты сақтай отырып, дамыған озық технологиялы елдердің санатына қосылу. Бұл латыннегізді әліпби төңірегінде бір топ ғалымдардың зерттеулерімен қатар, қоғамдық іс-шаралар да жүргізіле

бастады. Қазіргі апробацияда латын графикасының төрт түрлі нұсқасы ұсынылған болатын. Атап айтсақ, диакретикалық, диграфтық, апострофтық нұсқалар талқыға салынды. Соңғы 2018 жылдың ақпан айындағы қабылданған әліпби нұсқасы әрі апострофтық, әрі диграфтық нұсқаның қосындысы деуге болады. Осы сауалдарға байланысты Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бір топ ғалымдары өткен жылдың қазан айында қазақ тілінің жаңа емле ережелерін ұсынды.

Әліпбиге көшудегі негізгі түйткілдердің бірі – фонетикалық, лексика-грамматикалық заңдылықтардың өзгеруі. Тіл білімінде фонетикалық принцип – емле бойынша негізгі басшылыққа алынатын принциптердің бірі. Мұнда дауысты және дауыссыз дыбыстардың емлесі, буын, тасымал, сондай-ақ орфографиялық және орфоэпиялық нормаларды қарастырамыз. Бекітілген нұсқада ана тіліміздің төл дыбыстарынан бөлек, орыс тілінен енген кейбір аффрикат **ч, ц** сондай-ақ, арабтың **һ, х** фонемалары мен дифтонгоид дауыстыларға қатысты дау-дамай мәселелер әлі де нақты жүйелі зерттеуді талап етеді. Лингвистика ғылымының өзі екі қабаттан тұратынын ескеретін болсақ, (экстралингвистика және интралингвистика) әліпби де сол екі тілдік қабат тұрғысынан қабылдануы тиіс.

Ең бірінші кезекте дауысты дыбыстардың емлесін алып қарастырайық. Бірінші, қазақ тіліндегі «і» әрпі, латынның «Ii» әрпімен, «и» және дауыссыз «й» латынның «Ii» фонемасымен сәйкес келеді. Бұлай қабылданудың басты себебі апостроф санының қысқартылуына байланысты болса керек. I(и), Y(y) әріптері төл сөздерде монофтонг дыбыс ретінде таңбаланады. Тілдің сыртқы құрылымы әр түрлі қабаттар мен құрылымдардан тұрады. Олар: этнолингвистика (тіл және халық), менталингвистика (тіл және ойлау), психолингвистика (тіл және сөйлеу әрекеті), социоллингвистика (тіл және қоғам), когнитивті лингвистика т.б. Бұл құрылымдардың латын графикасына толық көшкен жағдайда, тілімізге тікелей әсер ететіні анық. Соның дәлелі ретінде **«Ы» және «У»** фонемаларына қатысты. Әліпбиде **«Ы» – «У», «У»-«У'»** арқылы берілген, алайда тіл және ойлау жүйелерінің заңдылықтарын ескере отырып, «У» әрпін ешқандай апострофсыз халықаралық **«У»** әрпімен берген дұрыс. Бұл ана тілімізді игерушілерге де, мектеп оқушылары мен бүлдіршіндері үшін де маңызды болмақ. Біздің мақсатымыз тіліміздің грамматикалық құрылымына негізделген, жалпыхалыққа түсінікті жоба құру болып табылады.

Дауыссыз дыбыстардың таңбалануында аффрикат дыбыстардың рөлі маңызды, себебі латын графикасына енген орыс тілінен енген таңбаларды таңбалауда қиындық туатыны сөзсіз. Әліпбиде **«Ч-CH», «Ш-SH»** қосар дыбыс түрінде берілген. Қазақ тілі типологиялық тұрғыдан аглютинативті тілдер тобына жататынын ескерсек, жалғамалы тілдер «бір әріп-бір фонема» принципіне негізделген. Кейбір сөздер контексте дыбыстық мәнімен қатар, лексикалық мағынасын қоса жоғалтады. Мысалы: ashana-асхана-ашана, ashshy-ашшы, shema-схема-шема сынды сөздерді алуға болады. Х және һ парсы-араб тілінен енген кірме консонантизмдерді таңбалауда да ерекшелік

байқалады. Екі дауыссыздың бір ғана «Н, н»-мен берілуі әліпбидегі әріп санын қысқартқанмен, екеуіне екі бөлек қолданылатын сөздер саны өте көп. Классикалық нұсқаға сүйеніп, кириллицадағы **Х**-ны латынның **X** әрпімен, **Һ**-ны **H**-пен неге бермеске? Нұсқаға назар салып қарасақ, онсыз да X әрпі жоқ.

№1-кесте

Латын негіздегі қазақ әліпбиі	Кириллицалық негіздегі қазақ әліпбиі
Aa	Аа
A'a'	Әә
Bb	Бб
Vv	Вв
Gg	Гг
G'g'	Ғғ
Dd	Дд
Ee	Ее
Jj	Жж
Zz	Зз
Ii	Ии, Йй
Kk	Кк
Qq	Ққ
Ll	Лл
Mm	Мм
Nn	Нн
N'n'	Ңң
Oo	Оо
O'o'	Өө
Pp	Пп
Rr	Рр
Ss	Сс
Tt	Тт
Uu	Ұұ
U'u'	Үү
Y'y'	Уу
Ff	Фф
Hh	Хх, Һһ
Ch	Чч
Sh	Шш
Yy	Ыы
Ii	Іі

Елбасы жарлығына сәйкес бекітілген әліпби негізінде «Қазақ тілі емлесінің негізгі ережелері» әзірленді. Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты ғалымдарының бекіткен емле ережелерінде 108 пункт атап көрсетілген. Кейбір емле ережелері кириллицалық негіздегі қазақ әліпбиінің

емле ережелерімен сәйкес келеді. Мұнда емле ережесін бұрынғы емле ережесімен салыстырғанда 21,5% өзгеріс енгізілген. Бір ескеретіні – әліпбидегі дауысты және дауыссыз дыбыстардың сөз позициясына қарай өзгеріп отыруы. Бұл көбінесе өзге тілден енген сөздерде байқалады:

1) Мысалы – тч, дыбыстар тіркесімен аяқталатын сөздердегі т әрпі түсіріліп жазылады: sk**och**, ske**ch**, mach;

2) Ё әрпі О' әрпімен таңбаланады: man**ovr**, bry'selo'z, dirij**or**, rejis**or**;

3) Ц әрпі және СЦ әрпі тіркесі S арқылы беріледі: **sirk**,**sifr**, **silindr**,kvars;

Тек қатар келген ц әрпі ts түрінде беріледі: pits**a**,nits**a**;

4) Э әрпі е әрпімен жазылады: **element**, **etaj**;

5) Щ әрпі төл сөздерде shsh әріп тіркесімен, шет тілдік сөздерде sh әрпімен: **ashshy**, **keshshe**, y'chilis**he**;

6) Оэ әріп тіркесімен аяқталатын сөзде э әрпінің орнына і жазылады: alo**i**, kano**i**;

7) Ю әрпі төл сөздерде iу әріп тіркесімен: **aiy'**, **oiy'**;

Ал дауыссыз дыбыстан айыру белгісі мен жіңішкелік белгісінен кейін u' әрпімен таңбаланады: parash**u't**, absal**u't**, tu'tor;

8) I әрпінен кейін тұрған ю әрпінің орнына y' жазылады: **qiy'**, **kiy'**;

9) Я әрпі төл сөздер мен шеттілдік сөздерде сөз басында, дауысты дыбыстан кейін, айыру белгісі ъ мен ь белгісінен кейін ia тіркесі арқылы жазылады: **iagni**, qo**ian**:

Ал дауыссыз дыбыстан кейін а' арқылы таңбаланады: **aky'my'la'tor**, **zara'd**, **kalky'lator**;

10) Жіңішкелік бар буынға жіңішке дауыстылардың әрпі жазылады, қосымшалар түбірдің соңғы буынына үндесіп жалғанады, жіңішкелік белгісі ескерілмейді: **ansa'mbl**, **du'bl**, **paro'l**, **batalo'n**; Тек мына сөздерде жіңішкелік белгісі ескерілмейді, қосымшалар түбірдің соңғы буынына үндесіп жалғанады: **bron**, **monastyr**, **ty'sh**;

11) Жіңішкелік белгісімен келген буын құрамында е, і әріптері бар сөздерде жіңішкелік белгісі ескерілмейді, қосымшалар түбірдің соңғы буын үндестігіне сәйкес жалғанады: **akvarel**, **lager**, **artikl**, **premera**; Бір ескеретіні ономастикалық атаулар мен кейбір мағынасына нұсқан келетін сөздерде жіңішкелік белгісінің орнына і жазылады: **Pier**, **piesa**;

12) Е әрпінің алдында тұрған айыру белгісі ескерілмейді, қосымшалар соңғы буын үндесіміне сәйкес жалғанады: **sy'bekt**, **obekt**, **adektiv**;

13) Шеттілдік бірқатар сөздер түпнұсқа тілдегі тұрпатына ұқсас жазылады және оларға қосымша буын үндестігіне сәйкес жалғанады: **moderator**, **marker**, **stepler**, **banknot**;

14) Дж әріп тіркесі бар сөздерде д әрпі түсіріліп, қосымшалар үндестік заңы бойынша жазылады: **menejer**, **jinsy**; дж әріп тіркесінің арасынан буын жігі өтетін және сөз мағынасы өзгертін жағдайда, d әрпі сақталып жазылады: **bu'djet**, **lodjy**;

15) Сөз соңында қайталанған әріптің біреуі түсіріледі: **klas**, **hol**, **bal**;

16) Сөз ортасындағы қайталама сс, мм, лл, тт, нн, бб, рр, пп, дд, кк әріптері сақталып жазылады: **esse**, **mass**-media, **massa**, ballada, **tonna**;

17) Ий-мен аяқталған, сөздердің соңында бір ғана і әрпі жазылады: **kali**, **natri**, **komentari**;

18) Сөз аяғындағы сть, ст, зд, әріп тіркесінің соңғылары түсіріліп жазылады, қосымшалар үндестік заңына сәйкес жалғанады: **komu'nis**, **manifes**, **ensiklopedis**, **Everes**

19) Сөз соңындағы – нг әріп тіркесі н' әрпімен жазылады, қосымшалар үндестік заңына сәйкес жалғанады: **parkin'**, **boy'lin**, **reitin'**;

20) Ағылшын тіліндегі түпнұсқасында w әрпімен басталатын кейбір сөздер у' әрпімен жазылады: **y'atsap**, **y'iki**, **y'ikipedia**, **y'eb-sait** [1, 28-29].

Тасымал мәселесінде сөздің буын жігіне сәйкес тасымалдануы, бір буынды сөздердің, қысқарған сөздердің, өлшем бірлік атауларының тасымалданбайтыны көрсетілген [2].

Латын әліпбиіне негізделген қазақ жазуын ауызша тілге айналдыратын болсақ, бірнеше өзгерістер байқалады. Сөздің бірінші буынындағы еріндік дауыстылардың әсерінен екінші буындағы е, ы, і дауыстылары еріндік ө, о, ұ, ү дыбыстарына айналады. Мысалы:

№2-кесте

Орфографиялық норма	Орфоэпиялық норма
<i>Ko'ilek</i>	<i>ko'i'lok</i>
<i>o'rnek</i>	<i>o'rno'k</i>
<i>ju'rek</i>	<i>ju'ro'k</i>
<i>qulyn</i>	<i>Qulun</i>
<i>qundyz</i>	<i>Qunduz</i>
<i>u'mit</i>	<i>U'mu't</i>
<i>buryn</i>	<i>Burun</i>
<i>su'lgı</i>	<i>su'lgı'</i>
<i>ku'mis</i>	<i>ku'mu's</i>

Терминдердің орфоэпиясы да назар аударарлық мәселе. Осы мәселеге қатысты ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Қ. Күдеринаның пікірлері де назар аударарлық. Ғалым «Латын қарпі: сарабдал қажет» мақаласында: «халықаралық терминдер де қазақ тілінің үндесіміне бағынып жазылады. Олай етпесе, орыс тілінің орфографиясына жүгіну тағы жалғасады. Қазіргі терминдердегі жұрнақтардың көбі орыс тілі арқылы енген латын тілінің суффикстері екені белгілі. Мысалы, түрік тіліндегі филологиялық терминдер не аударылады, не түпнұсқаға жақындатып жазылады. Қазақ тіліндегі жазу да осы ұстанымды басшылыққа алу керек», -деп тұжырым жасайды [3, 36]. Ғалым пікіріне сүйене отырып, термин сөздердің жазылуы біржақты тұжырымды қажет ететінін байқауға болады. Халықаралық терминдерді ана тілімізге аудармай, түпнұсқаға сай негіздеу орынды болып табылады. Сондай-ақ, ғалым Қ.Күдерина «Қазақ жазуының тарихы мен теориясы» атты еңбегінде: «ауызша тіл мен жазбаша

тіл арасындағы ажырағысыздықты реттемесе, енді бір жылда қазақ тілі өзінің ұлттық орфоэпиялық ерекшелігінен айырылады», - дейді [4, 303]. Шынымен де қазіргі қазақ жастарының тілінде орфоэпия күрделі мәселе. Мысалы: **ырақымет, ылақ, ырас, ылай**;

Латын әліпбиіне көшудегі негізгі өзекті мәселелердің бірі – жоғарыда аты аталған ұстанымдар мен негіздемелерді мектеп оқушыларына үйрететін білікті кадрларды дайындау. Мектеп оқулықтары толықтай 2020 жылдан бастап латыннегізді оқулықтармен оқылатынын ескерсек, педагогтарға артылатын үлкен міндеттемелердің күтіп тұрғанын толық байқауға болады. Бұл кезек күттірмейтін жауапты мәселе, сол себепті әліпби мен емле ережесі толықтай бір жүйеге келіп қалыптаспайынша, оны оқыту үлкен қателікке ұрындырары сөзсіз.

А.А. Реформатский кірме атау жөнінде өзінің мынадай түйінді сөзін айтқан екен: «Өзге тілдің ерекшелігін, ал туған тілдің нормасын сақтау керек». Бұл пікірдің ғылыми-әдістемелік, емлелік тұрғыдан негізі бар деп есептейміз. Қорыта айтқанда, латын жазуына көшу құба-құп іс. Әлемдік дамыған өркениетке дамыған отыз елдің қатарына қосылудың бірден бір жолы – латын графикасына көшу. Бұл бағытта филолог мамандармен қатар, программистер, IT саласының өкілдері бірлесе отырып, атқарылатын жұмыстардың әлі де қажет ететіндігін көрсетеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ емлесінің негізгі ережелері. – Алматы: 2018. – 30 б.
2. Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесінің негізгі ережелері // «Егемен Қазақстан» газеті. 18 қаңтар, 2019 жыл.
3. Күдерінова Қ. Латын қарпі: сарабдал қажет. – Алматы: 2017 – 537 б.
4. Күдерінова Қ. Қазақ жазуының тарихы мен теориясы. – Алматы: «Елтаным», 2013. – 344 б.

Abstract

The article deals with the spelling of voices and loud sounds in Latin alphabet, orphoepey and spelling, terminology. Scientists of the department were excluded from the scientific research, cotton, and the results were analyzed.

Key words: latin, phoneme, graphics, apostrophe, diagram, phonetic principle, orphography, orphoepey, africaf, generation, transportation, accent, spelling, vocalism, consonants, diphtodontide, linguistics, extralinguistics, intralinguistics, monophthal, ethnolinguistics, psycholinguistics, mentality, sociolinguistics, cognitive linguists, terminology, suffix